ЖК Хожанова З.К

Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Біләл Қалиев атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі № 15558872-1 конкурсы («1–4 сынып оқушыларын, аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларды және жазғы күндізгі мектеп жанындағы лагерьлерге қатысқан оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету») бойынша Сіздің 2025 жылғы 19 қарашадағы № 271973 және 2025 жылғы 20 қарашадағы № 272073 шағымдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Қосымша жүргізілген тексеріс нәтижесінде конкурсқа қатысушылардың кейбірінің конкурс құжаттамасында көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін құжаттар ұсынғаны анықталды.

ЖК «Кырымкулова» бойынша

Өтінім құрамында диетолог маман — Аралова Актолкын Найзабековна көрсетілген. Өнім беруші медициналық білімі бар дипломды және «емдік тамақтандыру негіздері» циклы бойынша біліктілікті арттыру туралы куәлікті ұсынған. Аталған құжаттар № 598 бұйрықпен бекітілген «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларының» 7-қосымшасының талаптарына толықтай сәйкес келеді.

Ал маман сертификатына қатысты: Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» № 360-VI Кодексінің 27-бабына сәйкес, тек медициналық ұйымдардың қызметкерлері ғана әр 5 жыл сайын кәсіби біліктілікті растаудан өтуге міндетті.

Осыған байланысты диетолог Аралова А.Н. бойынша ұсынылған құжаттар талаптарға сай болып табылады және баллды беру заңды әрі негізді болып табылады.

Сонымен қатар, Сіздің уәжіңізге сәйкес, бұл маман басқа ұйыммен еңбек қатынасында тұрғандықтан, конкурсқа қатыса алмайды деп есептейсіз. Хабарлаймыз: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің

— 1-бабы 1-тармағы 56) тармақшасына,
— 32-бабы 4-тармағына,
— 68-бабы 3-тармағына,
— 71-бабы 4-тармағына,
— 92-бабы 5-тармағына сәйкес,

жұмысшы бірнеше жұмыс берушімен бір мезгілде еңбек қатынастарында болуға құқылы, егер заң талаптары және еңбек шартының шарттары сақталған жағдайда. Осылайша, маманның басқа жұмыс берушімен еңбек қатынасында болуы бұзушылық болып табылмайды және ЖК «Кырымкулова» көрсетілген маманды келісімшарт бойынша міндеттерді орындауға тарту құқығын шектемейді.

ЖК Кырымкулова жұмыс тәжірибесіне 5 балл+аспаздар үшін 6 балл+аспаздың еңбек өтілі үшін 3 балл+ диетолог 1 балл+технолог 2 балл=17 балл

ЖК «Даулет» бойынша

1) Аспаз Тохтарова Аружан Аманкосовна

Өнім беруші аталған қызметкермен еңбек қатынастарын растайтын құжаттарды ұсынған. ҚР Еңбек кодексінің 35-бабының 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақтарына сәйкес, еңбек шарты, жұмысқа қабылдау туралы бұйрық және еңбек жағдайларын растайтын мәліметтер еңбек қатынастарының туындауына негіз болып табылады.

Сонымен қатар, ұсынылған жұмысқа қабылдау туралы бұйрық білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларының № 598 бұйрығының 7-қосымшасының талаптарына сай келеді (қызмет көрсетуге тартылатын мамандардың біліктілігін және еңбек қатынастарын растайтын құжаттар).

Осыған байланысты, Тохтарова А.А. бойынша аспаз біліктілігіне балл беру негізді болып табылады.

Алайда, ЖК «Джанбырбаев» ұсынған архивтік анықтамасы және БЖЗҚ-дан алынған үзінді конкурс құжаттамасының және № 598 «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларының» талаптарына сәйкес келмейді, себебі аударылған төлем суммалары архивтік анықтамада көрсетілген мерзімге сәйкес келмейді, бұл еңбек өтілін растамайды. Сондықтан еңбек өтілі есепке алынбайды, және еңбек өтілі үшін балл берілмейді.

2) Аспаз Маргова Арайлым Сейлихановна

№ 598 Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес, Өнім беруші аспаз үшін «аспаз-наубайшы» дипломын ұсынған. Дипломда аспаз біліктілігі көрсетілген, бұл талапқа сай келеді. Осыған орай, азпаз бойынша балл беру заңды.

Алайда, ұсынылған еңбек өтілін растайтын құжат (09.09.2016–12.10.2020 жж. архив анықтамасы) есептелетін соңғы 5 жылдық кезеңге кірмейді. Сондықтан еңбек өтілі есептелмейді, балл берілмейді.

3) Аспаз Сенбай Аружан Муханқызы

Өтінім құрамында жұмысқа қабылдау туралы бұйрық ұсынылған. Ол ҚР Еңбек кодексінің 35-бабы талаптарына сай және еңбек қатынастарының бар екенін растайды. Диплом аспаз біліктілігін растайды және № 598 Қағидалардың 7-қосымша талаптарына сәйкес келеді.

ЖК «Камбарова» анықтамасы және БЖЗҚ үзіндісі 21.07.2023–31.07.2024 аралығындағы еңбек өтілін растайды, бұл соңғы 5 жыл талабы мен № 598 Қағидаларға сай. Осылайша, Сенбай А.М. бойынша аспаздық пен еңбек өтілі толық расталған, балл беру заңды.

4) Аспаз Әмірсеит Саяжан Бауыржанқызы

Жұмысқа қабылдау туралы бұйрық ұсынылған, ол ҚР Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес еңбек қатынастарының бар екенін растайды. Диплом аспаз біліктілігін растайды, № 598 Қағидалардың талаптарына сай. Еңбек өтілі мына құжаттармен расталады:

— ИП «Сармолдиева» бойынша қабылдау және еңбек шартының тоқтатылуы актілерінен үзінді;

— БЖЗҚ үзіндісі (05.01.2024–27.12.2024), бұл соңғы 5 жылдық талапқа сай. Осылайша, біліктілік және еңбек өтілі толық расталған, балл беру заңды.

5) Аспаз Тоқышова Бақытлы Тенгеловна

№ 598 Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес, Өнім беруші аспаз үшін «аспаз-сатушы» дипломын ұсынған. Дипломда аспаз біліктілігі көрсетілген, бұл талапқа сай келеді. Осыған орай, азпаз бойынша балл беру заңды..

Алайда соңғы 5 жылдағы стажды растау үшін тек БЖЗҚ үзіндісі ұсынылған. № 598 Қағида талаптарына сәйкес, БЖЗҚ үзіндісі жұмыс берушінің құжаттарымен (анықтама, бұйрық, еңбек шарты) бірге ұсынылуы тиіс.

Мұндай құжаттар ұсынылмағандықтан, Тоқышова Б.Т. бойынша еңбек өтілі есептелмейді, балл берілмейді, тек аспаз біліктілігі үшін ғана балл беріледі.

6) Аспаз Құдайберген Ақниет Абдумаликқызы

Өтінім құрамында жұмысқа қабылдау туралы бұйрық ұсынылған. Ол ҚР Еңбек кодексінің 35-бабы талаптарына сай және еңбек қатынастарының бар екенін растайды. Диплом аспаз біліктілігін растайды және № 598 Қағидалардың 7-қосымша талаптарына сәйкес келеді.

— ИП «Сармолдиева» бойынша қабылдау және еңбек шартының тоқтатылуы актілерінен үзінді;

— БЖЗҚ үзіндісі (05.01.2024–20.12.2024), бұл соңғы 5 жылдық талапқа сай. Осылайша, біліктілік және еңбек өтілі толық расталған, балл беру заңды.

Диетолог Абатова Гүлмира Муңғалбаевна бойынша Өнім беруші медициналық білімі бар дипломды және «медициналық бикенің мектепке дейінгі және мектеп ұйымдарында тамақтануды ұйымдастыру» циклы бойынша біліктілікті арттыру туралы куәлікті ұсынған. Аталған құжаттар № 598 бұйрықпен бекітілген «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды

ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларының» 7-қосымшасының талаптарына толықтай сәйкес келеді.

Ал маман сертификатына қатысты: Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» № 360-VI Кодексінің 27-бабына сәйкес, тек медициналық ұйымдардың қызметкерлері ғана әр 5 жыл сайын кәсіби біліктілікті растаудан өтуге міндетті.

Осыған байланысты диетолог Абатова Г.М. бойынша ұсынылған құжаттар талаптарға сай болып табылады және баллды беру заңды әрі негізді болып табылады.

Технолог Тлегенова Раушан Турганбаевна бойынша Өнім беруші № 598 бұйрығымен бекітілген Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес жұмысқа қабылданғаны туралы бұйрықты және тағам өндіру өнеркәсібін ұйымдастыру технологиясы бойынша техникалық және кәсіптік білім туралы «технолог» мамандығы бойынша дипломды ұсынған.

Ұсынылған құжаттардың барлығы белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді, сондықтан біліктілік бойынша балл беру заңды және негізді болып табылады.

ЖК Даулет жұмыс тәжірибесіне 5 балл+аспаздар үшін 6 балл+аспаздың еңбек өтілі үшін 3 балл+ диетолог 1 балл+технолог 2 балл=17 балл

Баяндалғанды ескере отырып, «ЖК Хожанова З.К» шағымы ішінара қанағаттандырылуға жатады. Осы жауаппен келіспеген жағдайда, сіз оған Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабында белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылысыз.

Мектеп директоры Н.Бортанов